

**Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2009 жылғы 16 сәуірдегі N 23-118 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Райымбек ауданының Әділет басқармасында 2009 жылдың 12 мамырда N 2-15-69 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2010 жылғы 19 наурыздағы N 35-177 шешімімен

*Ескерту: Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2010.03.19 N 35-177 шешімімен.*

*Р Қ А О е с к е р т п е с і .*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

Қазақстан Республикасының “Тұрғын үй қатынастары туралы” Заңының 97-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы” Заңының 6–бабы 1-тармағы 15-тармақшасына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеу жұмыстарын жүзеге асыру аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (Х. Зықаев) міндеттелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы *Д. Оразақинов*

Аудандық мәслихаттың  
х а т ш ы с ы *Ұ. Әбек*

Райымбек аудандық мәслихатының

16 сәуір 2009 жылғы «Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу туралы» № 23-118

шешіміне қосымша

**Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі**

Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес әзірленді және тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеу тәртібін белгілейді.

**1. Негізгі терминдер мен анықтамалар**

1. Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) төленетін тұрғын үй көмегі (бұдан әрі – Тұрғын үй көмегі) халықты әлеуметтік қорғаудың бір түрі болып табылады.

2. Тұрғын үй көмегі – коммуналдық шығындар үшін ақшалай төленетін төлемақы болып табылады.

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган - «Райымбек аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

4. Отбасының жиынтық табысы – отбасының ақшалай да, заттай да нысанда алған табысының жалпы сомасы.

5. Өтініш беруші – тұрғын үй көмегін тағайындату үшін отбасы атынан өтініш беретін отбасының кәмелетке толған бір мүшесі.

6. Учаскелік комиссия - тұрғын үй көмегін алуға өтініш жасаған отбасылардың материалдық жағдайына зерттеу жүргізіп, қорытындылар даярлап, тұрғын үй көмегін тағайындауға қажетті құжаттарды уәкілетті органға тапсыру үшін селолық, поселкелік округ әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия.

Учаскелік комиссия құрамын жергілікті өзін-өзі басқару, құқық қорғау органдарының, білім беру, денсаулық сақтау салаларының, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктер мен жеке меншік пәтер иелері өкілдерінен құрылады.

**2. Тұрғын үй көмегін алу құқығы**

1. Жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және «Аудандық, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген мүшелері бар отбасыларының тұрғын үй көмегін алуға құқығы жоқ.

Жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және жұмыссыз ретінде уәкілетті органда тіркелмегендердің қатарына 55 жасқа толғандар, 1-ші, 2-ші топтағы мүгедектер мен 16 жасқа

дейінгі мүгедек балаларды күтетіндер, басқаның күтімін керек ететін 80 жастан асқан тұлғаларға күтім жасайтындар және 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатындар, сондай-ақ бір айдан астам уақыт бойы ауруханалық емдеуде жүрген адамдар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті немесе айналасындағы адамдарға қатер төндіретін ауруы бар ауруханалық немесе емханалық емдеуде жүрген азаматтарды бағып - күтумен айналысатындар кірмейді.

Жедел әскери қызметтегі әскери қызметкерлер отбасының құрамына е с е п т е л м е й д і .

2. Жеке меншігінде бір үйден артық тұрғын үйі (пәтері) бар немесе тұрғын үйін (пәтерін) жалға беруші тұлғаларға тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

3. Құрамында білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру салаларындағы және ішкі істер органдарындағы педагогтары, медицина қызметкерлері, әлеуметтік қызметкерлері, полиция қызметкерлері бар отбасыларына тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

4. Уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркеуде тұрғандар, уәкілетті орган ұсынған жұмысқа орналасудан себепсіз бас тартса және өз еркімен қоғамдық жұмысқа, оқыту мен қайта оқытуға қатыспаса тұрғын үй көмегін алу құқығынан а л т ы а й ғ а а й ы р ы л а д ы .

5. Коммуналдық қызмет ақысы үшін қарыздары бар отбасына, қарыздарына қарамастан, тұрғын үй көмегін алуға берген өтініші есепке тіркелген сәттен бастап тұрғын үй көмегі тағайындалады.

### **3. Тұрғын үй көмегін алуға өтініш беру тәртібі**

1. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер немесе алушы отбасылары оны рәсімдеу үшін өтінішімен қоса ауылдық, селолық округ әкімдігінің жанындағы учаскелік комиссияға төмендегі құжаттарды ұсынады:

1) жылына бір рет немесе қандай да өзгерістер болған жағдайда жеке басының куәлігінің көшірмесін, қозғалмайтын мүлікті бағалау және тіркеу басқармасынан немесе селолық, поселкелік округ әкімі аппаратынан жеке меншігінде бір үйден басқа үйі жоқ екені туралы анықтама, тұрғын үй құқығын куәландыратын құжат немесе жал шарты (жалдау), азаматтарды тіркеу кітабы, селолық округтерден № 3 анықтама, жеке меншік шаруашылықтарында жері, малы бар немесе жоқ екендігі жайлы мәліметтер;

2) өткен тоқсанға, тоқсан сайын отбасының барлық мүшелерінің кірісі туралы анықтама, коммуналдық қызметке ақы төлеу туралы түбіртек.

2. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде өтініш берілген тоқсанның алдыңғы тоқсанында Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде алынған табыстың мынадай түрлері есепке алынады:

1) еңбекақы, зейнетақы, шәкіртақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын т а б ы с ;

- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
- 3) он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;
- 4) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс;
- 5) жеке қосалқы шаруашылықтан (мал мен құс ұстау, бағбандық, бақша өсіру) алынатын кіріс тоқсанына алты айлық есептік көрсеткіш көлемінде көрсетіледі;
- 6) өзге де табысы туралы мәліметті өтініш беруші өзі жазып көрсетуге міндетті.

3. Отбасының жиынтық табысына мыналар есепке алынбайды:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 2) тұрғын үй көмегі;
- 3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;
- 4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;
- 5) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек.
- 6) оқушыларды тегін тамақтандырудың қаржысы, жалпыға бірдей оқыту қорынан берілетін және азық-түлік бағаларының қымбаттауына байланысты әлеуметтік әлжуаз топтарға берілетін көмектер;
- 7) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек (грант).

Егер жеке ісін ашуға немесе жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек (грант) мақсатына сай пайдаланылмаса осы факт анықталған тоқсандағы, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескеріп есептеледі;

8) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек;

4. Өтініш берушінің тұрғын үй жәрдемақысын алу құқығы, тоқсан сайын, отбасы мүшелерінің жиынтық табысы туралы мәліметтері арқылы анықталады.

5. Учаскелік комиссияға салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, көшірме түпнұсқамен салыстырылғаннан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

6. Тұрғын үй көмегі, отбасының атынан тұрғын үй көмегін алуға өтініш берген адамның (өтініш берушінің) атынан тағайындалып, төленеді.

7. Учаскелік комиссия өтініш берушінің ұсынған құжаттарын тексереді, оларды тіркейді және өтініштің бекітілген нысанына сәйкес құжаттарды қабылдағаны туралы растаманы өтініш берушіге береді.

Учаскелік комиссия өтініш берушілердің құжаттарын өтініш берушіден қабылдап алған күннен бастап 15 жұмыс күнінен кешіктірмей тұрғын үй көмегін

тағайындау, немесе тағайындамау, немесе қосымша тексеру жүргізу жайлы қорытынды шығарады, тағайындау жайлы қорытынды қабылданса ол қорытындыны өтініш берушінің құжаттарымен қосып уәкілетті органға тапсырады. Ал тұрғын үй көмегін тағайындамау жайлы қорытынды қабылданса өтініш берушінің құжаттары өтініш берушінің өзіне қайтарылады.

Өтініш берушіден құжаттар қабылданғаннан кейін, қажет болған жағдайда учаскелік комиссия төрағасы немесе уәкілетті орган, учаскелік комиссияға тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының материалдық жағдайына қосымша тексеру жүргізу жөнінде ауызша немесе жазбаша тапсырма беруге құқылы.

Ауызша немесе жазбаша тапсырма болған кезде, учаскелік комиссия, жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша отбасының материалдық жағдайы туралы акт жасайды және отбасының мұқтаждығы туралы қорытындыны осы Қағиданың 2-қосымшасындағы нысанында жасап тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органға немесе учаскелік комиссия төрағасына ұ с ы н а д ы .

8. Тұрғын үй көмегін алуға өтініш берушінің және учаскелік комиссия мен уәкілетті орган өкілдерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының 12 қаңтар 2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14,15 баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **4. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу тәртібі**

1. Тұрғын үй көмегі, ауданның елді мекендерінде тұрақты тұратын және тұрғын үйдің иесі немесе жалдаушысы болып табылатын табысы аз отбасыларына, облыстық бюджеттің есебінен төленеді.

2. Тұрғын үй көмегі өтініш берушіге тұрғын үй көмегін алу құқығы туындағаннан кейін ағымдағы тоқсанға толық тағайындалады, тоқсанына бір рет ақшалай төлемақы ретінде төленеді.

Тұрмыстық-коммуналдық қызметтерді тұтыну үшін шыққан шығын ( белгіленген әлеуметтік нормалар мен коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтерінің шегінде) отбасының жиынтық кірісінің 10 пайыздық үлесінен асқан жағдайда тұрғын үй көмегі тағайындалады.

Тұрғын үй көмегінің мөлшері үй иесінің (жалгердің) коммуналдық қызмет үшін нормалар шегінде немесе одан төменгі көлемде төлеген қаржысы мен отбасының жиынтық кірісінің 10 пайыздық үлесінің айырмасы ретінде есептеліп, т ө л е н е д і .

3. Учаскелік комиссияның ұсынған қорытындысы негізінде уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындау, немесе тағайындамау, немесе қосымша тексеру жүргізу жайлы шешім қабылдайды. Бұл шешім учаскелік комиссияның қорытындысын қабылдап алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде

кабылданады және өтініш берушілерлерге қабылданған шешім жайлы учаскелік комиссиялар арқылы түбіртек-ескерту беріледі.

Түбіртек-ескертуде тұрғын үй көмегі тағайындалса тағайындалған тұрғын үй көмегінің мөлшері, тағайындалмаған жағдайда тағайындалмау себебі көрсетіледі. Түбіртек-ескертуге уәкілетті органның құжаттарды қабылдаған лауазымды тұлғасының қолы қойылады. Уәкілетті органның шешімі, тұрғын үй көмегін берудің негізі болып табылады.

4. Тұрғын үй көмегін алушылар өз отбасы құрамында немесе табыстарында өзгерістер болған жағдайда уәкілетті органға отбасы құрамының немесе оның жиынтық табысының өзгергені туралы 15 күннен кешіктірмей хабарлауға міндетті.

Берілген ақпараттың дұрыстығы туралы күмән пайда болған жағдайда, тұрғын үй көмегін тағайындайтын уәкілетті орган немесе учаскелік комиссияның төрағасы (округ әкімдері) ақпараты күмән туғызған отбасы мүшелерінің тұрғылықты жерлері, табыстары туралы ақпаратты тиісті орындардан сұрап алуға, тексеруге құқылы. Заңды және жеке тұлғалар шындық ақпарат беруге міндетті. Өтініш беруші талап етілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

5. Тұрғын үй көмегін алу мақсатында алдын ала жалған мәліметтер бергені үшін өтініш беруші заңсыз алған тұрғын үй көмегін өз еркімен бюджетке қайтарады, ал тұрғын үй көмегін қайтарудан бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарылады. Заңсыз алған тұрғын үй көмегі туралы уәкілетті орган өтініш берушіні 10 жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді.

6. Тұрғын үй көмегін есептегенде келесі коммуналдық шығын нормалары белгіленеді:

1) Көмір от жағу маусымына (6 айға) 5 тонна, ал айына 833 кг.

2) газ тұтыну – 1 айға сыйымдылығы 10,5 кг газы бар 1 кішкене баллон

3) электр жүйесін қолдану (1 адамға – 45 квт, 2 адамға – 90 квт, 3 адамға – 125 квт, 4 және одан көп жан тұратын отбасына – 150 квт)

Ауыз су белгіленген тиісті нормаларға сәйкес.

7. Тұрғын үй көмегін тағайындап, төлеу үшін «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұсынып, аудан әкімі бекіткен коммуналдық қызмет ақысы бағаларының тарифтік нормалары басшылыққа алынады. Бұл тарифтік нормалар баға өзгерістеріне байланысты жыл сайын белгіленіп, бекітіледі.

8. Тұрғын үй көмегінің төлемі «Райымбек аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Қазпошта» АҚ-ның аудандық бөлімшесінің арасында жасалған келісім шарт негізінде

тағайындалған сомаларды өтініш берушілердің дербес шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

## **5. Тұрғын үй көмегінің уақтылы тағайындалуы және төленуі үшін жауапкершілік**

1. Учаскелік комиссия, уәкілетті орган және «Қазпошта» АҚ-ның аудандық бөлімшесі тиісінше тұрғын үй көмгін тағайындаудың, төлеудің және берудің заңдылығы мен өз мерзімінде берілуіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында белгіленген тәртіпке сәйкес жауап береді.

2. Құжаттарды қабылдап алған күннен бастап он күн ішінде тұрғын үй көмегін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы уәкілетті орган басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қойған шешім қабылданады.

Өтініш иесі уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған уәкілетті органға, сондай-ақ сот тәртібімен шағымдануға құқылы.